

БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» балалар бағдарламасының
менгерушісі:..... Г.Жанибекова
2021 жыл «.....».....»



«Бүгінгі күн басқа күнге ұқсамау керек.»

Педагогтармен жүргізілген психологиялық тренинг

Орындаған: Р.Холжакулова

2021 – 2022 оқу жылы

Мақсаты: Педагогтардың ішкі жан дүниесін ашуға және өзін еркін сезіне алуға үйрету. Тиімді қарым – қатынасқа машықтану эмпатиясын дамыту. Сенімсіздіктен, қобалжудан, қорқыныштан арылу. Өзгелердің қызығушылығымен санасуға дағдыландыру. Өзіне – өзі сенуге, құрметтеуге қалыптастыру.

«Валейбол» ойыны:

Мақсаты: өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге, өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге, терең түснуге көмектеседі.

Шарты: қатысушы педагогтар шеңбер бойымен тұрып, ауызша жақсы сөздерді, адамгершілік қасиеттерді айтып, бір – біріне лақтырады.

«Кім екенін тап»

Мақсаты: қатысушылар бір – бірін тануға көмектеседі.

Шарты: Әр қатысушы өзінің аты – жөнін көрсетпей, өзіне психологиялық мінездеме жазады. Ұнамды – ұнамсыз жақтарын жазады. Жазылған мінездемені жүргізуші жинап алып дауыстап оқиды. Қатысушылар мінездеме несібін табуы қажет.

«Шөлдеу» ойыны

Мақсаты: қатысушылар бір – біріне көмектесіп, нәтижеге жетуге болатынын түсіндіру.

Шарты: Қатысушылар өздерін шөл даладамыз деп елестетеді. Су іздеп әптен шаршайды. Бір уақытта алдарынан тостағанға (тарелка) құйылған су кездеседі. Осы суды төгіп алмай жеткізіп ішулері қажет.

Күтілетін нәтижесі: адам өзіне аз уақыт болсада арнап, өзін қадағалап, бағалап отыруға машықтануды түсіндіреді.

Қорытынды: ойындарды ойнау арқылы аз уақыт ішінде қандай әсер алатындығы сұралып қорытынды пікірлер сұралады.